

Көңілді информатика

№22 жалпы орта мектептің информатика
пәнінің мұғалімі Назарова Мадина



Жарыс кезеңдері:

I. “Бәйге” (Әр топқа 10 сұрақ қойылады. Дұрыс жауапқа 1 ұнай беріледі).

II. “Тіл - өнер” (Жұмбақталып 10 жасырын сөз оқылады. Сол сөзді тауып айтқан оқушыға 3 ұнай).

III. “Логикалық ойлау” (Логикалық есептер беріледі, дұрыс жауапқа 1 ұнай).

IV. “Адасқан әріптер” (Дұрыс жауапқа 5 ұнай).

V. «Кім жылдам?» (Информатикаға қатысты торкөзде сөздер жасырылған дұрыс жауапқа 5 ұнай)

VI. Марапаттау.



«Бәйге»

I топ.

- Ақпаратты шығару құрылғысы (Принтер)
- Қағаздағы ақпаратты компьютерге тікелей енгізетін құрал (Сканер)
- Ақпаратты өңдеу құрылғысы (Процессор)
- Ақпараттың ең кіші өлшем бірлігі (бит)
- Компьютерге зақым келтіретін арнайы шағын программа? (вирус)

II топ.

- Адам көзі мен монитор арасындағы ара қашықтық қанша болу керек? (60 - 70 см)
- Дүниежүзілік компьютер арасындағы байланыс ортасы (Интернет)
- Бит қандай цифрлардан тұрады? (0 және 1)
- Вирустың кері әсерін жоятын программа (Антивирус)
- Бас әріп режимін іске қосатын перне? (CapsLock)



“Тіл - өнер”

Төртбұрышты әйнек,
Тұнып тұрған әлек.

(монитор)



Ұзынтұра Жалқаубек,
Тұрмай ылғи жатады.
Қозғала қалса артынан,
Ешбір белгі қалмайды.

(бос орын пернесі)

Бұтақ орнында мың бір инесі,
Компьютер жаны мекені

(кактус)

Тетігін бассаң алаңсыз,
Жазады қалам, қағазсыз

(пернетақта)

Батырмасын басасың
Қажетті файлды ашасың

(тышқан)



• Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,
Ұзындығы жазулы тұр бойында.

(сызғыш,)



• Қабат-қабат қаттама
Ақылың болса аттама.

(кітап)

• Түйеқұс таразыда бір аяғымен тұрғанда 12 кг. тартады. Ал егер екі аяғымен тұрса, қанша тартады?

(он екі,)

• Батырмасын басасың
Қажетті файлды ашасың

(тышқан,)

• Жақтаулар арқылы шектеледі
Бейнебетте төртбұрыш болып бейнеленеді.

(терезе)



“Логикалық ойлау”

1. Бөлмедегі әр бұрышта бір мысықтан және оған қарама – қарсы үш мысықтан отырса, бөлмеде неше мысық бар? - 4
2. Үстел үстінде үш стакан шиені тұр. Марат бір стакан шиені жеп қойды. Неше стакан қалды? - 3 стакан
3. Үш ат жегілген шана бір сағатта 15 км жүріп өткен. Әрбір аттың жылдамдығы қандай еді? (15км/сағ)
4. Допты лақтырғанда, доп сол ізімен кері қайту үшін оны қалай лақтыру керек? - жоғары–
5. Қараңғы бөлмеде майшам мен керосин лампасы бар. Бірінші не жағасыз? – шырпы–
6. Баспалдақ 15 басқыштан тұрады. Баспалдақтың ортасында тұру үшін нешінші басқышта тұру керек? – 8.

“Адақсан әріптер”

- Нимотор ----- Монитор
- Пьюромтек ----- Компьютер
- Енрепатқат ----- Пернетақта
- Лайф ----- Файл
- Рльоукятакл ----- Калькулятор
- Атқсуа ----- Сақтау
- Аэкторикелн ----- Электроника
- Дңеөу ----- Өңдеу



«Сен маған, мен саған?»





25
Жыл

«Қазақстан арманына
апарап жол»



**Зейін қойып
тыңдағандарыңыз
үшін көп-көп
рахмет!**

